

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №2 «Айсұлу» бөбекжай -бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

«Сиқырлы жүрек» тренингі

жалпы ата-аналар жиналысы

Педагог-психолог: А.Б. Алимбекова

Тараз-2025

«Сиқырлы жүрек» тренингі

Максаты. Ата-аналар арасындағы бірлік пен шығармашылық потенциалын дамытумен өзіндік бағалауын арттыру. Өз бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту, өзара ынтымақтастыққа баулу.

1-жаттығу

«Жүректен-жүрекке»

Максаты: Ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты нығайту, өзара бағаны өсіру.

Нұсқау: Шеңбер бойымен тұрып қасындағы көршісіне «ізгі тілек» арнау, өз көршісінің жақсы қасиетін айтып, не себепті екендігін өз ойын айтып беру.

2-жаттығу

«Менің жағымсыз көңіл-күйім»

Максаты: Қатысушылардың өзін-өзі реттеу процесін меңгерту, бойындағы жағдайды анықтау, коррекциялық жұмыспен байланыстыру.

Нұсқау: «Қазір сіз өзіңнің жағымсыз көңіл-күйіңіздің салыңыз. Оған мәселен ауру немесе т.б. атау беріңіз. Енді осы жағымсыз көңіл-күйіңіз, мәселені көзіңізді жұмып, қолымызды екі түсті қаламды алып, алдыңыздағы қағаздың екі қарама-қарсы бұрышынан бастап, шимайлаңыз» Шимақтап біткеннен кейін, паракқа қарап, қандай бейнешыққанын анықтайды. Содан соң бейнені қоршап, таза паракқа жабыстырып, жалғастырады. Ол бейне сіздің өміріңізде қандай орын алады. Мысалы: адам бейнесі шықса, бұл адам кім және сіздің өміріңізде қандай орын алады?. Және тағы басқаша қалай түсіндірер едіңіз.

3-жаттығу

«Базардағы сауда»

Шеңбер бойымен отырған қатысушылар өздеріне керекті және бойында жоқ қасиеттерді баласымен бір-бірінен алады. Балаңыздың бойынан көргіңіз келетін өз бойыңыздағы қасиеттерді атаңыз. Мысалы: тұйық қасиетке ашық мінезді айырбастау.

4-жаттығу.

Нұсқаулық: «Әрқайсыңыз адам бойында қандай қасиетті ерекше бағалайтындықтарыңызды ойыңызға түсіріңіз. Өз таңдауыңызды жасағаннан кейін, сіз таңдаған қасиет туралы ақпарат беретін қысқа әңгіме, оқиға, мысал ойлап табыңыз (немесе есіңізге түсіріңіз) Сіздің әңгімеңізді тыңдаған (оқиға, мысал) топтың басқа мүшелері қандай қасиет туралы айтылғанын түсінуі керек».

Жаттығуға қатысушыларға бір-бірін кеңірек танып білуіне, топ мүшелерінің шығармашылық белсенділігін артырып, олардың қиялын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаттығу айтылған әңгіменің мағынасына тереңірек үңілуге жетелейді, бұл тапсырма көптеген тренингтік бағдарламалардың мазмұндық мақсатымен байланысты.